

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 және 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 6 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2309 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл ж о с п а р ы н д а :

«Қаржы секторын тұрақтандыру» деген бөлімде:
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Біріншіден, бұл жай және/немесе ерекше артықшылығы бар акцияларды сатып алу және экономиканың нақты секторын қаржыландыру үшін қаражатты депозиттерге орналастыру түрінде төрт жүйе құраушы банкті қосымша капиталдандыру және қ а р ж ы л а н д ы р у . » ;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерді қосымша капиталдандырудың жалпы сомасы 487,5 млрд. теңгені құрайды, ол жай және/немесе ерекше артықшылығы бар акцияларды сатып алу және экономиканың нақты секторын қаржыландыру үшін депозиттерге орналастырылатын б о л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«Самұрық-Қазына» коры банктер акцияларының бақылау пакетін иеленуі мүмкін.»;

оныншы абзац алынып тасталсын;

он бірінші абзацтағы «Банктердің акционерлері 5 жыл ішінде акциялардың мемлекеттік пакетін қайта сатып алатын құқыққа ие болады.» деген сөйлем алынып т а с т а л с ы н ;

он екінші абзац алынып тасталсын;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 6 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«II. Қаржы секторын тұрақтандыру» деген бөлімде:
реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2	Жүйе құраушы екінші деңгейдегі банктерді жай және артықшылығы баракцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы қосымша капиталдандыру
	Т е т і к т е р і : Жүйе құраушы төрт банкті жай және/немесе артықшылығы бар акцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы қосымша капиталдандыру және қаржыландыру. Банктерді қосымша капиталдандырудың жалпы сомасы 487,5 млрд. теңгені құрайды, оның бір бөлігі банктерге жай және/немесе артықшылығы бар акцияларды сатып алуға жіберілетін болады, екінші бөлігі экономиканың нақты секторын қаржыландыруға жіберілетін болады. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ банктер акцияларының бақылау пакетін иеленуі мүмкін.Берілген қаражатты банктер резервтердің (привизиялардың) барабар деңгейін қалыптастыруға және ел ішінде қарыз алушыларға кредиттер беруге жіберілген. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ капиталдандырылған банктердің ұзақ мерзімді қатысушысы болып қалмайды. Әлемдік қаржы дағдарысының әлсіреуіне және халықаралық капитал нарықтарына қол жеткізудің ашылуына қарай «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ нарықтық қағидаттарымен, бірақ акцияларды сату бағасы сатып алу бағасынан төмен болмайды деген шартпен банктерге қатысушылардың құрамынан шығуы мүмкін

»;

реттік нөмірі 2.5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.5	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында банктерді жай және артықшылығы бар акцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы ЕДБ-ні қолдау туралы шешім қабылдау	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	Үкіметке ақпарат	2009 жылғы 25 наурызға
-----	---	--------------------------	------------------	------------------------

»;

реттік нөмірі 2.9-жолдағы «25% дейін» деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 2.13-жол алынып тасталсын:

«III. Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу» деген бөлімде:
реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

--	--

10	Ипотеканы қайта қаржыландыру: Екінші деңгейдегі банктер қаражатының бір бөлігі қарыз алушының басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда өткен кезеңдерде тұрғын ауданы 120 шаршы метрден аспайтын үй-жайды сатып алуға және салуға ипотекалық қарыз алған және осы ипотекалық қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі өз міндеттемелерін адал орындаған қарыз алушылар үшін ипотекалық қарыздар бойынша пайыздық ставкаларды 9 % (мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға, зейнеткерлер мен мүгедектерге) - 11 %-ға дейін (қалған барлық қарыз алушыларға) төмендетуге жібереді. Бағдарламаның жалпы сомасы - 120 млрд. теңге.
----	---

»;

реттік нөмірі 10.2 - жолда :

2-бағандағы «ҚИК» АҚ мен» деген сөздер алынып тасталсын;

3-бағандағы «ҚИК» АҚ» деген аббревиатура алынып тасталсын;

реттік нөмірі 10.3-жолдың 2 және 4-бағандарында «ҚИК және», «АҚ-ға» деген сөздер алынып тасталсын ;

реттік нөмірі 15-жолдың 3-бағанындағы «ИСМ» деген аббревиатура «ҚжТКШИА» деген аббревиатурамен ауыстырылсын ;

«IV. Шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарын қолдау» деген бөлімде:

реттік нөмірі 4.6-жолдың 3-бағанындағы «ИСМ» деген аббревиатура «ЭБЖМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын ;

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы» мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын :

«ҚжТКШИА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов